

"Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жеке тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 10 маусымдағы N 146 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 11 шілдеде N 13-3-67 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 14 тамызда N 197 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігінің 2009.08.14 N 197 Қаулысымен

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабына, «Мемлекеттік қызмет көрсетудің Үлгі стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 558 қаулысына сәйкес
аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жеке тұлғаларға көрсетілетін қоса берілген мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары 3 (үш) мемлекеттік қызмет бойынша бекітілсін:

1) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау.
2) 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау.

3) Үйде оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттар ресімдеу.

2. Аудан әкімінің құқықтық мәселелері жөніндегі кеңесшісі (Галиаскарова А.В), аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімі бастығының міндетін атқарушы (Габдулина Г.Л) Айыртау ауданы Әділет басқармасында осы қаулының мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы арнайы жарияланған күнінен бастап он күн күнтізбелік күн өткетшен кейін қолданысқа еңгізіледі.

Аудан әкімі *Е. Айнабеков*
Айыртау ауданы әкімдігінің
2008 жылғы қаулысымен бекітілген

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау мемлекеттік қызмет көрсету стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау - жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыста белгіленген кедейлік шегінен төмен тұлғаларға (жанұяларға) мемлекетпен ұсынылатын, ақшалай түрдегі төлем үшін қажетті құжаттар мен есептеулерді ресімдеу процедурасы.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: ішінара автоматтандырылған.

3. Осы мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі «Мемлекеттік адрестік әлеуметтік көмек туралы» Заңының 2-бабы негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі көрсетеді, мекен-жайы: 150100, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Шоқан Уәлиханов атындағы көшесі 42 үй, телефоны (871533) 21362, 21488, электрондық пошта: ro-aiyrta@mail.online.kz.

5. Аталмыш қызметті көрсету нәтижесінде тұтынушы мемлекеттік адрестік әлеуметтік көмектің тағайындалғаны немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарламаны алады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарына;

2) оралмандарға;

3) қашқын мәртебесі бар тұлғаларға;

4) жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге, тұруға рұқсаты бар азаматтығы жоқ тұлғаларға.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетілген кезде уақыттың шектелу мерзімі:

1) мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: тұтынушыдан немесе селолық округ әкімінен барлық қажетті құжаттармен өтінішті алған күннен бастап 10 күн ішінде

Бұл жағдайда қызметті тұтынушылардың құжаттары қабылданған сәттен бастап 20 күннен кешіктірмей селолық округ әкімімен жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесіне беріледі.

2) қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің барынша көп көрсеткіші 40 минуттан артық емес;

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарламаны алу кезінде кезек күтудің мейлінше көп уақыты: 10 минут.

Аталмыш мемлекеттік қызмет көрсету тегін жүргізіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бұл стандарты «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі ақпараттық стендінде орналастырылған.

10. Тұрғындардан құжат қабылдау жүргізіледі: сейсенбі, сәрсенбі мен бейсенбі сағат 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, селолық округтер әкімдерінің аппараттарының мамандары үшін дүйсенбі мен жұма сағат 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін, алдын ала жазылусыз.

Елді мекендердің тұрғындары құжаттарын селолық округ әкімінің аппаратына тапсырады.

11. Құжаттарды қабылдау ғимараттың екінші қабатында орналасқан, ғимаратқа кіретін жол пандуспен жабдықталған, негізгі және апаттық есігі, күту залы, құжаттарды толтыру үлгілері бар ақпараттық стенді бар бөлмеде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

12. Мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) белгіленген үлгідегі өтініш;
2) жанұя құрамы туралы мәлімет;
3) өтініш берушінің жанұя мүшелерінің алынған табыстары туралы мәлімет (растайтын құжаттар қоса беріледі);

4) жеке қосалқы шаруашылығының барлығы туралы мәлімет;
Көрсетілген мәліметтердің нақтылығын растау үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет;

5) жеке басын куәландыратын құжат;
6) тұрғындарға қызмет көрсету орталығымен берілген тұрғылықты жерін растайтын құжат (азаматтарды тіркеу кітабының түпнұсқасы мен көшірмесі) (Тұрғындарға қызмет көрсету орталығы мекен-жайы: Саумалкөл селосы, Озерная көшесі 4 үй, жұмыс кестесі сенбі мен жексенбіден басқа күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін.);

7) Салық органы берген салық төлеушінің тіркеу нөмірі (Салық органы берген салық төлеушінің тіркеу нөмірі) (Салық комитетінің мекен-жайы: Матросов көшесі 19 үй, телефон (871533) 21583, жұмыс кестесі: сенбі мен жексенбіден басқа күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін);

8) Зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық берген әлеуметтік жеке код тағайындау туралы куәлік (Зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық мекен-жайы: Уәлиханов көшесі 5 үй, телефоны (871533) 21863 сенбі мен жексенбіден басқа күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін.);

9) мемлекеттік адрестік әлеуметтік көмекті төлеу жүргізілетін екінші деңгейдегі банктегі жеке шот нөмірі.

13. Өтініш бланкін, жанұя құрамы туралы мәліметті, өтініш берушінің жанұя мүшелерінің алынған табыстары жайлы мәліметтерді «Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жоғарыда көрсетілген мекен-жай бойынша алуға б о л а д ы .

14. Мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін қажетті құжаттар «Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің б а с м а м а н ы н а т а п с ы р ы л а д ы .

Село тұрғындары құжаттарың селолық округ әкімі аппаратына тапсырады.

15. Барлық қажетті құжаттарды тапсырған қызметті тұтынушы мемлекеттік адрестік әлеуметтік көмекті тағайындауға өтініштерді тіркеу журналына тіркеледі және бас маман қол қойған, тіркеу нөмірі мен құжаттарды қабылдау күні көрсетілген ажыратылмалы талон алады.

16. Мемлекеттік адрестік әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарламаны алу жүзеге асырылады:

1) «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тікелей өзі к е л г е н д е .

17. Аталмыш мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынудан бас тартуға негіз б о л а д ы :

1) Солтүстік Қазақстан облысында тиісті тоқсанға белгіленген кедейлік шегінен жан басына шаққандағы орташа айлық табысының сомасы асып кетсе;

2) тұтынушымен жанұяның табысы мен құрамы туралы жалған мәліметтер ұ с ы н ы л ғ а н д а ;

3) адрестік әлеуметтік көмек жұмыспен қамту жөніндегі өкілетті органда тіркелмеген жұмыссыздарға тағайындалмайды, мүгедектер мен бір айдан артық стационарлық емделуде болған тұлғалардан, күндізгі оқу бөлімінде оқитын оқушылар мен студенттерден, тыңдаушылар мен курсанттардан, магистратура мен аспирантураны қоса, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектерге, сексен жастан асқан тұлғаларға, 7 жасқа дейінгі балаларға күтім жасайтын азаматтардан б а с қ а .

Себепсіз жағдайлармен ұсынған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан бас тартқан, қоғамдық жұмыстарға, оқуға немесе қайта оқытуға қатысуды өз бетімен тоқтатқан жұмыссыздар алты айға мемлекеттік адрестік әлеуметтік көмек алу құқығынан айрылады.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Аталмыш қызмет көрсетуді тұтынушыға қатысты мемлекеттік орган басшылыққа алатын жұмыстың негізгі қағидаттары сыпайылық, көрсетілетін

мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат ұсыну, тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері сапа мен қолжетімділіктің келесі көрсеткіштері осы стандарттың қосымшасына сәйкес ө л ш е н е д і .

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламадар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетулердің сапасы мен қолжетімділігінің көрсеткіштерінің мақсаттық маңызы жыл сайын арнайы құрылған жұмыс тобымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

21. Өкілетті лауазымды тұлғаның әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мына мекен-жайлар бойынша алуға болады:

1) 150100, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Шоқан Уәлиханов атындағы көшесі 42 үй, «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, телефоны (871533) 21362, 21488, электрондық пошта: *ro-aiyrta@mail.online.kz*.

Келушілерді қабылдау: сенбі мен жексенбіден басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін көрсетіледі, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін.

2) 150100, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Шоқан Уәлиханов атындағы көшесі 44 үй, «Айыртау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, телефоны (871533) 21102, электрондық пошта: *airtay-akimat@sko.kz*.

Келушілерді қабылдау: сенбі мен жексенбіден басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін көрсетіледі, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін.

3) 150108, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавловск қаласы Абай көшесі 64 үй, «Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті» мемлекеттік мекемесі, телефоны (87152) 465648, телефоны/факс (87152) 469073, электрондық пошта: *obl_dep@mail.online.kz*.

Келушілерді қабылдау: сенбі мен жексенбіден басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін көрсетіледі, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін.

Шағымдарды қабылдау: күн сайын сағат 14.00-ден 18.00 сағатқа дейін.

2 2 . Шағым беріледі:

1) «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының атына,

телефоны (871533) 21362, 21488, электрондық пошта: ro-aiyrta@mail.online.kz.

2) Айыртау ауданының әкімінің атына, «Айыртау ауданының әкімі аппаратының» мемлекеттік мекемесінің 1 кабинетіне, телефоны (871533) 21102, электрондық пошта: airtay-akimat@sko.kz.

3) «Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті» мемлекеттік мекемесі бастығының атына, телефоны (87152) 465648, телефоны/факс (87152) 469073, электрондық пошта: obldep@mail.online.kz.

23. Шағым қабылданудың нақтылығы жеке тұлғалардың өтініші ; жазылған журналы болып табылады. Шағым Қазақстан Республикасының 2007 жылы 12 қаңтарында қабылданған «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі» Заңымен қарастырылған мерзімде қаралады. Шағымды қарау барысы туралы шағым қабылдаған мемлекеттік органның телефоны арқылы білуге болады.

6. Байланыс ақпараты

24. 150100, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы , Шоқан Уәлиханов атындағы көшесі 42 үй, «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, телефоны (871533) 21362, 21488, электрондық пошта: ro-aiyrta@mail.online.kz.

Жұмыс кестесі: сенбі мен жексенбіден басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін көрсетіледі, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін. Бөлім бастығының келушілерді қабылдау кестесі: сәрсенбі, бейсенбі, жұма сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін. Телефоны (871533) 21362 (қабылдау бөлмесі). Бөлім бастығының орынбасарының келушілерді қабылдау тәртібі: дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа, үзіліс 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін, телефон (871533) 21635.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау мемлекеттік қызмет көрсету стандартына қосымша

Кесте. Сапа және қолжетімділік көрсеткіштерінің белгілері

Сапа мен қол жетімділіктің көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік маңызы	Келесі жылы көрсеткіштің мақсаттық маңызы	Есептік жылы көрсеткіштің ағымдық маңызы
1. Уақыттылығы			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсетуді ұсыну оқиғасының % (үлесі)	100	100	100

1.2. Қызмет көрсетуді алу үшін кезекте 40 минуттан артық емес күткен тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
2. Сапа			
2.1. Қызмет көрсетуді ұсыну сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
2.2. Лауазымды тұлғамен дұрыс ресімделген құжаттардың оқиғаларының % (үлесі) (жүргізілген аударымдар, есептер және т.б.)	100	100	100
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызмет көрсетуді ұсыну тәртібі туралы сапамен және ақпаратпен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
3.2. Тұтынушымен дұрыс толтырылған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	100	100	100
3.3. Ақпараты Интернет арқылы қолжетімді қызмет көрсетудің % (үлесі)	0	0	0
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Қызмет көрсетудің аталмыш түрі бойынша қызмет көрсетілген тұрғындардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0	0	0
4.2. Белгіленген мерзімде қарастырылған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	0	0	0
4.3. Шағымданудың қолданыстағы тәртібімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	0	0	0
4.4. Шағымданудың мерзімімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	0	0	0
5. Сыпайылық			
5.1. Қызметкерлердің сыпайылығымен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100

А й ы р т а у

ә к і м д і г і н і ң

1 0

м а у с ы м д а ғ ы

2 0 0 8

№

а у д а н ы

ж ы л ғ ы

1 4 6

қаулысымен бекітілген

18 жасқа дейінгі балалары бар жанұяларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау мемлекеттік қызмет көрсету стандарты

1. Жалпы ережелер

1. 18 жасқа дейінгі балалары бар жанұяларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау - 18 жасқа дейінгі балалары бар, жан басына шаққандағы айлық орташа табысы облыста белгіленген азық-түлік кәрзеңкесінен төмен тұлғаларға (жанұяларға) мемлекетпен ұсынылатын ақшалай түрдегі төлем үшін құжаттар мен есептеулерді ресімдеу процедурасы.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі - ішінара автоматтандырылған.

3. Осы мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымындағы «Балалары бар жанұяларға мемлекеттік жәрдемақы туралы» Заңының 4-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 қарашадағы № 1092 Қаулысымен бекітілген «Балалары бар жанұяларға мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау мен төлеу» Ережелерінің негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі көрсетеді, мекен-жайы: 150100, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы Шоқан Уәлиханов атындағы көшесі 42 үй, телефон (871533) 21362, 21488, электрондық пошта: ro-aiyrta@mail.online.kz.

5. Осы қызметті корсету нәтижесінде тұтынушы 18 жасқа дейінгі балалары бар жанұяларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындалуы немесе тағайындаудан бас тартуы жайлы хабарлама алады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

1) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына;

2) оралмандарға.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетілген кезде уақыт бойынша шектеу мерзімі:

1) мемлекеттік қызмет корсету мерзімі: тұтынушыдан немесе селолық әкімнен барлық қажетті құжаттарымен өтінішті алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде;

Бұл жағдайда қызметті тұтынушылардың құжаттары селолық округ әкімімен жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне қабылданған сәттен бастап 20 күннен кешіктірілмей тапсырылады.

2) қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің барынша көп көрсеткіші 40 минуттан артық емес;

3) 18 жасқа дейінгі балалары бар жанұяларға мемлекеттік жәрдемақы төленуі немесе бас тарту жайлы хабарламаны алу кезінде кезек күтудің барынша көп уақыты 10 минуттан артық емес;

8. Осы мемлекеттік қызмет көрсету тегін жүргізіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бұл стандарты «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде ақпараттық стендінде орналастырылған.

10. Құжаттарды қабылдау, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, ал селолық округ әкімдері аппаратының мамандары үшін дүйсенбі және жұма күндері сағат 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін, алдын ала жазылусыз.

11. Құжаттарды қабылдау ғимараттың екінші қабатында орналасқан, ғимаратқа кіретін жол пандуспен жабдықталған, негізгі және апаттық есігі, күту залы, құжаттарды толтыру үлгілері бар ақпараттық стенді бар бөлмеде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

12. Мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) балалардың тууы жайлы куәліктерінің көшірмесі;
- 3) қызметті тұтынушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) тұратын мекен-жайды және отбасы құрамын растайтын құжаттың көшірмесі;
- 5) отбасы құрамы жайлы анықтама;
- 6) отбасының жалпы табыстары жайлы құжат (оны растайтын құжаттарды қоса);
- 7) қосалқы шаруашылығы бары жайлы анықтама;

Осы құжаттардың дұрыстығын дәлелдеу үшін төмендегідей құжаттарды көрсету қажет:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) Халыққа қызмет көрсету орталығынан алынған азаматтарды тіркеу кітапшасы (Халыққа қызмет көрсету орталығы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Саумалкөл селосы, Озерный көшесі, 4 үй мекенжайында орналасқан. Жұмыс істеу кестесі күнде сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін);

3) зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық берген әлеуметтік жеке код тағайындалғаны туралы куәлік (ӘЖК). (Зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкол селосы

Шоқан Уәлиханов атындағы көшесі 5 үй, телефоны (871533) 21863, жұмыс істеу кестесі күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін, үзіліс 13.00 сағат 14-00 сағатқа дейін, қабылдау күндері күн сайын сағат 9.00-ден 16.00 сағатқа дейін);

4) салық органы берген салық төлеушінің жеке нөмірі. (Салық органының орналасқан орны Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Матросов көшесі, 19 үй, телефоны (871533) 21583, жұмыс істеу кестесі

күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін .) ;

5) мемлекеттік жәрдемақы төленетін екінші дәрежелі банктегі жеке есеп шоттың нөмірі .

Ата-анасының бірі, қамқоршысы немесе қорғаншысы жәрдемақы тағайындау туралы өтінішті өзі тікелей әкеле алмаған жағдайда қамқоршысы немесе қорғаншысы белгіленген тәртіпте берілген сенімхат негізінде жәрдемақы тағайындау туралы өтініш жасауға басқа тұлғаларды өкілетті етуге құқылы.

13. Өтініш бланкін, отбасы құрамы жайлы, отбасы мүшелерінің жалпы табысы жайлы мәліметтерді «Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жоғарыда көрсетілген мекен-жай бойынша алуға болады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін қажетті құжаттар «Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жұмыспен қамту бөлімінің бас маманына тапсырылады. Елді мекендердің тұрғындары селолық округтар әкімінің аппаратына тапсырады.

15. Барлық қажетті құжаттарды тапсырған қызметті тұтынушы 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларына мемлекеттік жәрдемақы беруге арналған өтініштерді тіркеу журналына тіркеледі және құжаттарды тіркеу нөмірі мен қабылдау күні көрсетіліп, бас маманның қолы қойылған ажыратылмалы талон алады .

16. 18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы жөніндегі анықтаманы беруді тағайындау немесе бас Тарту туралы хабарламаны алу жүзеге асырылады (өтініш берушінің мүмкіндігіне қарай):

1) Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Шоқан Уәлиханов атындағы көшесі 42 үй, мекен-жайындағы «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне өзі келгенде;

2) ro-aiyrta@mail.online.kz электрондық пошта арқылы.

17. Аталмыш мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынудан бас тартуға негіз болады :

1) жан басына шаққандағы айлық орташа табысы Солтүстік Қазақстан облысында сәйкес тоқсанға белгіленген азық-түлік кәрзеңкесінен жоғары тұлғаларға (жанұяларға) ;

2) өтініш берушінің отбасы құрамы және отбасының жалпы табыстары жайлы мағлұматты жалған берген жағдайда;

3) егер еңбекке жарамды ата-аналар немесе қамқоршылар жұмыс істемесе, күндізгі оқу түрі бойынша оқымаса, әскер қатарында болмаса, және де жұмыспен

қамту бөлімінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген жағдайда. Алайда әкесі немесе шешесі (асырап алушылар) ІДІ топтағы мүгедек және бала-мүгедекпен, сексен жастан асқан адамдарды, 3 жасқа дейінгі бала күтімінде болған жағдайлары е с е п к е а л ы н б а й д ы .

4) егер балалар мемлекеттің қамқорлығына түгелдей енген және ата-аналық құқықтан айырылған ата-аналардың балалары.

Жәрдемақының тоқтатылуына негіз бола алатын жәйіттер.

1. Баланың қайтыс болуы;

2. Баланың түгелдей мемлекет қамқорлығына өтуі;

3. Өтініш берушілердің жалған және толық емес мағұмат беріп жәрдемақы төленіп жүрген жағдайда жәрдемақы төлемі тоқтатылады. Артық төленген жәрдемақы көлемі өтініш берушінің өз еркімен қайтарылуы тиіс. Әйтпеген жағдайда мәжбүрлі түрде сот арқылы қайтарылады.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Аталмыш қызмет көрсетуді тұтынушыға қатысты мемлекеттік орган басшылыққа алатын жұмыстың негізгі қағидаттары сыпайылық, көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат ұсыну, тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

4. Жұмыс нәтижесі

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері сапа мен қолжетімділіктің келесі көрсеткіштері осы стандарттың қосымшасына сәйкес ө л ш е н е д і .

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетулердің сапасы мен қолжетімділігінің көрсеткіштерінің мақсаттық маңызы жыл сайын арнайы құрылған жұмыс тобымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

21. Өкілетті лауазымды тұлғаның әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мына мекен-жайлар бойынша алуға болады:

1) 150100> Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Шоқан Уәлиханов атындағы көшесі 42 үй, «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, телефоны (871533) 21362, 21488, электрондық пошта: ro-aiyrta@mail.online.kz.

Келушілерді қабылдау: сенбі мен жексенбіден басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін көрсетіледі, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін.

2) 150100, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы

Шоқан Уәлиханов атындағы көшесі 44 үй, «Айыртау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, телефоны (871533) 21102, электрондық пошта: *airtay-akimat@sko.kz*.

Келушілерді қабылдау: сенбі мен жексенбіден басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін көрсетіледі, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін.

3) 150108, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавловск қаласы Абай көшесі, 64 үй, «Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті» мемлекеттік мекемесі, телефоны (87152) 465648, тел/факс (87152) 469073, электрондық пошта: *obl dep@mail.online.kz*.

Келушілерді қабылдау: сенбі мен жексенбіден басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін көрсетіледі, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін. Шағымдарды қабылдау: күн сайын сағат 14.00-ден 18.00 сағатқа дейін.

2 2 . Ш а ғ ы м б е р і л е д і :

1) «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығының атына, тел. (871533) 21362, 21488, электрондық пошта: *ro-airyta@mail.online.kz*.

2) Айыртау ауданының әкімінің атына, «Айыртау ауданының әкімі аппаратының» мемлекеттік мекемесінің 1 кабинетіне, телефоны (871533) 21102, электрондық пошта: *airtay-akimat@sko.kz*.

3) «Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті» мемлекеттік мекемесінің бастығының атына, телефоны (87152) 465648, телефон/факс (87152) 469073, электрондық пошта: *obl dep@mail.online.kz*.

23. Шағым қабылданудың нақтылығы жеке тұлғалардың өтініші жазылған журналы болып табылады. Шағым Қазақстан Республикасының 2007 жылы 12 қаңтарында қабылданған «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі» заңына сәйкес. Шағымды қарау барысы туралы шағым қабылдаған мемлекеттік органның телефоны арқылы білуге болады.

6. Байланыс ақпараты

24. 150100, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Шоқан Уәлиханов атындағы көшесі 42 үй, «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, телефоны (871533) 21362, 21488, электрондық пошта: *ro-airyta@mail.online.kz*. Жұмыс кестесі: сенбі мен жексенбіден басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін көрсетіледі, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін. Бөлім бастығының келушілерді қабылдау кестесі: сәрсенбі, бейсенбі, жұма сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін. телефоны

(871533) 21362 (қабылдау бөлмесі). Бөлім бастығының орынбасарының келушілерді қабылдау тәртібі: дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін, телефоны (871533) 21635.

«18 жасқа дейінгі балалары бар жанұяларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау» Мемлекеттік қызмет көрсету стандартына қосымша

Кесте. Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерінің белгілері

Сапа мен қол жетімділіктің көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік маңызы	Келесі жылы көрсеткіштің мақсаттық маңызы	Есептік жылы көрсеткіштің ағымдық маңызы
1. Уақыттылығы			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсетуді ұсыну оқиғасының % (үлесі)	100	100	100
1.2. Қызмет көрсетуді алу үшін кезекте 40 минуттан артық емес күткен тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
2. Сапа			
2.1. Қызмет көрсетуді ұсыну сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
2.2. Лауазымды тұлғамен дұрыс ресімделген құжаттардың оқиғаларының % (үлесі) (жүргізілген аударымдар, есептер және т.б.)	100	100	100
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызмет көрсетуді ұсыну тәртібі туралы сапамен және ақпаратпен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
3.2. Тұтынушымен дұрыс толтырылған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	100	100	100
3.3. Ақпараты Интернет арқылы қолжетімді қызмет көрсетудің % (үлесі)	0	0	0
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Қызмет көрсетудің аталмыш түрі бойынша қызмет көрсетілген тұрғындардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0	0	0
	0	0	0

4.2. Белгіленген мерзімде қарастырылған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)			
4.3. Шағымданудың қолданыстағы тәртібімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	0	0	0
4.4. Шағымданудың мерзімімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	0	0	0
5. Сыпайылық			
5.1. Қызметкерлердің сыпайылығымен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100

А й ы р т а у а у д а н ы
 ә к і м д і г і н і ң 2 0 0 8 ж ы л ғ ы
 1 0 м а у с ы м д а ғ ы № 1 4 6
 қаулысымен бекітілген

Үйде оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттар ресімдеу мемлекеттік қызмет көрсету стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Үйде оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттар ресімдеу - денсаулық жағдайы бойынша үйде тәрбиеленуге және оқуға мәжбүр мүгедек балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне ақшалай төлем тағайындау мақсатында жүзеге асырылатын п р о ц е д у р а .

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі - ішінара автоматтандырылған.

3. Аталмыш мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39-III «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 29-бабының және Айыртау ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 17 қаңтардағы № 9 қаулысымен бекітілген «Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға әлеуметтік қолдау көрсету Ережесінің» 2-тармағы негізінде к ө р с е т і л е д і .

4. Мемлекеттік қызметті «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі көрсетеді, мекен-жайы: 150100, Солтүстік Қазақстан облысы, .Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Шоқан Уәлиханов атындағы көшесі 42 үй, телефоны (871533) 21362, 21488, электрондық пошта: ro-aiyrta@mail.online.kz.

5. Аталмыш қызметті көрсету нәтижесінде тұтынушыға үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаға материалдық қамтамасыз ету тағайындалады.

6. Мемлекеттік қызмет ата-аналарының біріне немесе оны ауыстыратын тұлғаға, жанұяның табысына қарамастан, 18 жасқа дейінгі туған, асырап алған,

сондай-ақ қорғаншылыққа алынған балаларға (толық мемлекет камқорлығындағы мүгедек балалар мен ата-аналары құқығынан айрылған мүгедек балалардан басқа) көрсетіледі:

7. Мемлекеттік қызмет көрсетілген кезде уақыттың шектелу мерзімі:

1) мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: барлық қажетті құжаттарымен бірге өтінішті алған күннен бастап 10 күн

2) қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің барынша көп көрсеткіші 40 минуттан артық емес.

8. Аталмыш мемлекеттік қызмет көрсету тегін жүргізіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бұл стандарты «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі ақпараттық стендінде орналастырылған.

10. Мемлекеттік қызмет тұтынушыға сенбі мен жексенбіден басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін көрсетіледі, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін, алдын ала жазылусыз.

11. Құжаттарды қабылдау ғимараттың бірінші қабатында орналасқан, ғимаратқа кіретін жол пандуспен жабдықталған, негізгі және апаттық есігі, күту залы, құжаттарды толтыру үлгілері бар ақпараттық стенді бар бөлмеде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі

12. Мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) белгіленген үлгідегі өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат, соның ішінде оралмандар үшін ішкі істер органы берген тұруға рұқсат қағазы (Айыртау ауданының Ішкі істер бөлімі мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі 51 үй, телефоны (871533) 21533, қабылдау күндері: сейсенбі, сәрсенбі, жұма сағат 10.00-ден 18.00 сағатқа дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 15.00 сағатқа дейін, сенбі күні сағат 9.00-ден 12.30 сағатқа дейін.) және тұрғындардың көші-қон мәселелері жөніндегі өкілетті органның аумақтық органы берген оралман куәлігі (Көші-қон және демография басқармасының мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы Петропавловск қаласы, Мир көшесі 69 үй, телефоны (87152) 468760, қабылдау күндері: сейсенбі, бейсенбі сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін);

3) баланың туу туралы куәлігінің (мүгедек бала үшін) түпнұсқасы және көшірмесі;

4) ауру бейіні бойынша берілген мүгедектікті анықтау жөніндегі белгіленген үлгідегі медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының анықтамасы (түпнұсқа және көшірме);

5) тұрғындарға қызмет көрсету орталығымен берілген тұрғылықты жерін растайтын құжат (азаматтарды тіркеу кітабының түпнұсқасы мен көшірмесі) (Тұрғындарға қызмет көрсету орталығы мекен-жайы: Саумалкөл селосы, Озерная көшесі 4 үй, жұмыс кестесі сенбі мен жексенбіден басқа күн сайын сағат 9,00-ден 18.00 сағатқа дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін.).

Мына мекен-жай бойынша берілген мүгедек баланы үйде тәрбиелеу мен оқытудың қажеттілігі туралы облыстық Білім департаментінің жанындағы ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысы: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавловск қаласы, Конституция көшесі, 58 үй, телефоны (87152) 463288, қабылдау күндері: сенбі мен жексенбіден басқа күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін.);

б) салық органы Берген салық төлеушінің тіркеу нөмірі (Салық органы Берген салық төлеушінің тіркеу нөмірі) (Салық комитетінің мекен-жайы: Матросов көшесі 19 үй, телефоны (871533) 21583, жұмыс кестесі: сенбі мен жексенбіден басқа күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін, үзіліс сағат 13.00 - ден 14.00 сағатқа дейін.).

Материалдық қамтамасыздандыруды аудару жүргізілетін екінші деңгейдегі банкте қызметті алушының жеке шотының нөмірі.

13. Өтініш бланкін «Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жоғарыда көрсетілген мекен-жай бойынша алуға болады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін қажетті құжаттар «Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманына тапсырылады.

15. Барлық қажетті құжаттарды тапсырған қызметті тұтынушы үйде оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларға материалдық қамтамасыздандыруды тағайындауға өтініштерді тіркеу журналына тіркеледі және құжаттардың қабылданғаны жөнінде қолхат алады.

16. Қызметті тұтынушыға материалдық қамтамасыздандыруды төлеу, өткен ай үшін өтініш берген кезде көрсетілген екінші деңгейдегі банктегі жеке шотына, жү р г і з і л е д і .

17. Қызмет көрсетуді тоқтату үшін негіз болады:
мүгедек баланың 18 жасқа толуы;
мүгедек баланың қайтыс болуы;
мүгедектіктің алынып тасталуы.

Әлеуметтік көмекті төлеу тиісті міндеттемелер келіп түскеннен кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Аталмыш қызмет көрсетуді тұтынушыға қатысты мемлекеттік орган басшылыққа алатын жұмыстың негізгі қағидаттары сыпайылық, көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат ұсыну, тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері сапа мен қолжетімділіктің келесі көрсеткіштері осы стандарттың қосымшасына сәйкес ө л ш е н е д і .

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетулердің сапасы мен қолжетімділігінің көрсеткіштерінің мақсаттық маңызы жыл сайын арнайы құрылған жұмыс тобымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

21. Өкілетті лауазымды тұлғаның әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мына мекен-жайлар бойынша алуға болады:

1) 150100, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Шоқан Уәлиханов атындағы көшесі 42 үй, «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, телефоны (871533) 21362, 21488, электрондық пошта: *ro-aiyrta@mail.online.kz*.

Келушілерді қабылдау: сенбі мен жексенбіден басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін көрсетіледі, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін.

2) 150100, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Шоқан Уәлиханов атындағы көшесі 44 үй, «Айыртау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, телефоны (871533) 21102, электрондық пошта: *airtay-akimat@sko.kz*.

Келушілерді қабылдау: сенбі мен жексенбіден басқа, күн сайын сағат ; 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін көрсетіледі, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін.

3) 150108, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавловск қаласы Абай көшесі, 64 үй, «Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті» мемлекеттік мекемесі, телефоны (87152) 465648, телефон /факс (87152) 469073, электрондық пошта: *obl_dep@mail.online.kz*.

Келушілерді қабылдау: сенбі мен жексенбіден басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін көрсетіледі, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін. Шағымдарды қабылдау: күн сайын сағат 14.00-ден 18.00 сағатқа дейін.

1) «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының атына, телефоны (871533) 21362, 21488, электрондық пошта: ro-aiyrta@mail.online.kz.

2) Айыртау ауданының әкімінің атына, «Айыртау ауданының әкімі аппаратының» мемлекеттік мекемесінің 1 кабинетіне, телефоны (871533) 21102, электрондық пошта: airtay-akimat@sko.kz.

3) «Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті» мемлекеттік мекемесі бастығының атына, телефоны (87152) 465648, тел/факс (87152) 469073, электрондық пошта: obl_dep@mail.online.kz.

23. Шағым қабылданудың нақтылығы жеке тұлғалардың өтініші жазылған журналы болып табылады. Шағым Қазақстан Республикасының 2007 жылы 12 қаңтарында қабылданған «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі» Заңымен қарастырылған мерзімде қаралады. Шағымды қарау барысы туралы шағым қабылдаған мемлекеттік органның телефоны арқылы білуге болады.

6. Байланыс ақпараты

24. 150100, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Шоқан Уәлиханов атындағы көшесі 42 үй, «Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, телефоны (871533) 21362, 21488, электрондық пошта: ro-aiyrta@mail.online.kz. Жұмыс кестесі: сенбі мен жексенбіден басқа, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін көрсетіледі, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін. Бөлім бастығының келушілерді қабылдау кестесі: сәрсенбі, бейсенбі, жұма сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін, телефоны (871533) 21362 (қабылдау бөлмесі). Бөлім бастығының орынбасарының келушілерді қабылдау тәртібі: дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа, үзіліс 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін. телефоны (871533) 21635. сенбі мен жексенбіден басқа күн сайын сағат 9.00-ден 18.00 сағатқа дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 сағатқа дейін.).

Үйде оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттар ресімдеу мемлекеттік қызмет көрсету стандарты

Кесте. Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерінің белгілері

Сапа мен қол жетімділіктің көрсеткіштері	Көрсеткіш-тің нормативтік маңызы	Келесі жылы көрсеткіштің мақсаттық маңызы	
--	----------------------------------	---	--

			көрсеткіш- тің ағымдық маңызы
1. Уақыттылығы			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсетуді ұсыну оқиғасының % (үлесі)	100	100	100
1.2. Қызмет көрсетуді алу үшін кезекте 40 минуттан артық емес күткен тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
2. Сапа			
2.1. Қызмет көрсетуді ұсыну сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
2.2. Лауазымды тұлғамен дұрыс ресімделген құжаттардың оқиғаларының % (үлесі) (жүргізілген аударымдар, есептер және т.б.)	100	100	100
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызмет көрсетуді ұсыну тәртібі туралы сапамен және ақпаратпен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
3.2. Тұтынушымен дұрыс толтырылған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	100	100	100
3.3. Ақпараты Интернет арқылы қолжетімді қызмет көрсетудің % (үлесі)	0	0	0
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Қызмет көрсетудің аталмыш түрі бойынша қызмет көрсетілген тұрғындардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0	0	0
4.2. Белгіленген мерзімде қарастырылған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	0	0	0
4.3. Шағымданудың қолданыстағы тәртібімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	0	0	0
4.4. Шағымданудың мерзімімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	0	0	0
5. Сыпайылық			
5.1. Қызметкерлердің сыпайылығымен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК